Бекітілді:
№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының
меңгеруші м.у.а:_______ А.С.Ершуакова
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2021ж

«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша
«Бәйтерек» ересек тобының балаларына жасақталған
**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

2021-2022 оқу жылы

Бекітілді:
№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының
меңгеруші м.у.а:_________А.С.Ершуакова
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2021ж

**Ересек топтар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің өтпелі тақырыптарының тізімі 2021-2022 оқу жылы**

| № | Айлар | Тақырыптар | Апталық тақырыптар |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | Балабақша | 1. Менің балабақшам<br>2. Дұрыс тамақтану.Менің достарым<br>3. Менің сүйікті ойыншықтарым<br>4. Жиһаздар |
| 2 | Қазан | Менің отбасым | 1.Менің отбасым, ата-аналар еңбегі<br>2. Менің көмекшім<br>3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік<br>4. Алтын күз |
| 3 | Қараша | «Дені саудың жаны сау» | 1. Өзім туралы<br>2. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер<br>3. Өзіңе және өзгелерге көмектес<br>4. Біз күштіміз, ептіміз |
| 4 | Желтоқсан | Менің Қазақстаным | 1. Тарихқа саяхат<br>2. Туған өлкем<br>3. Нұр-Сұлтан – Отанымыздың жүрегі<br>4. Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер) |
| 5 | Қаңтар | Табиғат әлемі | 1. Айналамыздағы өсімдіктер<br>2. Жануарлар әлемі<br>3. Құстар – біздің досымыз<br>4. Ғажайып қыс |
| 6 | Ақпан | «Бізді қоршаған әлем» | 1. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары).<br>2. Көліктер<br>3. Электроника әлемі<br>4. Мамандықтың бәрі жақсы |
| 7 | Наурыз | Салттар мен Фольклорлар | 1. Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері<br>2. Ертегілер елінде. Театр әлемі<br>3. Өнер көзі халықта<br>4. Нұр төккен, гүл көктем |
| 8 | Сәуір | «Біз еңбекқор баламыз» | 1.Аялайық гүлдерді<br>2.Ас атасы - нан<br>3. Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі<br>4. Еңбек бәрін жеңбек |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін!» | 1.Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)<br>2.Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)<br>3. Көңілді жаз<br>4. Мен жасай аламын |

**Қыркүйек айы, 2021-2022оқу жылы**
**Өтпелі тақырып:«Балабақша»**

**Мақсаты:** Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.
**Міндеттері:**
1**.** Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдік қасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Денсаулық»<br>Денешынықтыру (3сағат) | «Қатынас»<br>Сөйлеудідамыту (1)<br>Көркем әдебиет (1)<br>Орыстілі(0,5) | «Таным»<br>Математика негіздері (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | «Шығармашылық»<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Жапсыру (0,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Апта. "Балабақша" | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Тапсырманы орындай отырып, бір- бірлеп тізбекпен жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен тепе- теңдік сақтап жүру.<br>**Қимыл- қозғалыс ойыны:** «Өз түсіңді тап!»<br>**Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Кіші тірек алаңқайына тепе- теңдік сақтап жүруге үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету; кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағып алу.<br>**Қимылды ойын:** «Аюлар мен аралар»<br>**Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолдарымен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру; тақтай үстімен тепе- теңдік сақтап жүру.Кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып, оны қағыпалу<br>**Қимылды ойын:** «Кім бірінші» | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Т/бы:"Балабақша үйіміз"**<br>**Мақсаты:**Балаларға балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Ішкі-сыртқы ауласы мен топтар, бөмелер, асхана, саз залы мен дене шынықтыру бөмелері және мед.бөлмелер туралы әңгімелету. Заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Антоним сөздерді (үлкен-кіші) сөздік қорларына енгізу, зейінін, тілін дамыту. Ұжымда мейірімді, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Балабақшадағы топ бөлмелерін таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:"Менің балабақшам"**<br>**Мақсаты:**Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өлең жолдарын мәнерлеп оқу, мазмұнын түсініп, тыңдай алуға, есте сақтауға үйрету. Балабақшадағы үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға, сүйіспеншілік сезімдеріне, сыйластыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері.**<br>**Т/бы:«Бір және көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестікті табу.Үлкен және кіші.»**<br>**Мақсаты:**Заттарды санына қарай салыстыру,бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту:санаудың дұрыс тәсілдерін қолдана отырып заттарды санау,екә топтағы заттарды бір бірімен салыстыру.Таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру.<br><br>**Жаратылыстану.**<br>**Т/бы:"Балабақша бағында"**<br>**Мақсаты:**Балаларға балабақша ауласындағы және маңайдағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атауға үйрету. Тірі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау.Танымдық қызығушылықтарын дамыту. Ауланы таза ұстауға, табиғаттағы ағаштарды күтуге, қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру.**<br>**Т/бы:«Біздің балабақшаның ауласы»**<br>**Мақсаты:**Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материялдарынан жасай алуға үйрету,аулададағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту,өздері ойнайтын құрал жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Тәрелкені әшекейлеу»**<br>**Мақсаты:**Балаларға топтағы ыдыстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Дөңгелек пішінді ыдысты қолды үзбей салуға, «құс қанаты» ою-өрнегімен таныстыру, әшекейлеу арқылы қылқаламен жүргізе білуге үйрету. Түсті бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу дағдыларын дамыту, ұқыпты, әдемі орындауға және еңбек етуге тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Тәрелке»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ермексазды дұрыс пайдалануды қалыптастыру. Текшеден дөңгелек пішінді жасауды үйрету. Сүлгіні ұқыпты қолдануға дағдыландыру. Өзінің жұмысын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br>1 Музыкалық шығарманы тыңдау, әннің сөзін анық,дұрыс айтуға талпындыру,оқуға деген ынта –ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т/бы:«Біздің балабақша»**<br>**Мақсаты:** Балаларға балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Ішкі-сыртқы ауласы мен топтар, бөмелер, асхана, саз залы мен дене шынықтыру бөмелері және мед.бөлмелер туралы әңгімелету. Заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Антоним сөздерді (үлкен-кіші) сөздік қорларына енгізу, зейінін, тілін дамыту. Ұжымда мейірімді, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Балабақшадағы топ бөлмелерін таза ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2- апта. "Менің доста" | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:**Допты екі қолмен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Төбеге қапшық қойып жүру»<br>**Мақсаты:** Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп өту<br>**Қимылды ойын:** «Қаппен жүгіру»<br>**Мақсаты:** .Балалардың жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру. Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын: «**Қу түлкі» | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Т/бы:«Менің достарым»**<br>**Мақсаты:**Балаларға достық сөзінің мағынасын түсіндіру, өлең мәтінін тыңдауға, сурет бойынша әңгіме құрауға, өз ойларын айтуға, ойды тыңдауға және ұғынуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту, достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>(«Достық –ұлы туымыз» Ә.Ысқабаев<br>88бет Хрестоматия арман-пв баспасы 2010ж )<br><br>**Көркем әдебиетТ/бы:«Адал дос» М.Төрежанов**<br>**Мақсаты:**Балаларға жеткілікті түрде әңгімені оқып,мазмұнын айта білуге үйрету.Әдеби шығармаға деген қызығушылығын арттыру.Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу.Балалардың қылықтарын айыра білу. «Адалдық», «Достық», «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Орыс тілі**<br>**Я и мои друзья**<br>**Цел**:Продолжать работу по развитию и пониманию русской речи ,совершенствовать слуховое внимание и фонетическое восприятие,закреплять правильное произношение гласных звуков. Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку,уважение к труду работников детского сада, бережное отношение к игрушкам. | **Математика негіздері.**<br>**Т/бы:«Саны 3 ке, 4 ке тең заттарды санау,салыстыру.Жыл мезгілдері.Оң жақта,сол жақта.»**<br>**Мақсаты**:Санау тәсілдерін пайдалана отырып,заттарды санауды үйрету(4 көлнміндегі сандар).Үлгі бойынша санау,екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау:жыл мезгілі туралы білімін күшейту (күз) Заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:"Күз сыйы"**<br>**Мақсаты**:Балаларға сипап сезу және дәмін тату арқылы көкөністер мен жемістерді ажыратып, атай білуге сөйлегенде: шикі, піскен, тұзды және т.б. сөздерді қолдануға үйрету. Достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Айнала қоршаған ортада мейірімді болуға, достықтың құндылығын білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т/бы: «Дәмді алмалар»**<br>**Мақсаты**:Алманың суретін сала білуді үйрету.Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түстерін таңдай білу.Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық,тегіс бояуға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Жапсыру**<br>**Т/бы:«Сыйға әсем гүл»**<br>**Мақсаты:**Әсем гүлді қиюды және жапсыруды жалғастыру;гүл бөліктерін қию (бұрыштарды дөңгелету арқылы кесу),олардан әдемі сурет құру.Түсті сезуді,эстетикалық қабылдауды,назарды дамыту.Достары мен жақындарына ықыласты болуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Балаларға дұрыс тамақтану, туралы, достар туралы әңгімелеу<br><br>**Музыка**<br>Музыканы есте сақтауға, әнді сергек, ш1ирақ, әндете, айтуға үйрету | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **3. апта «Менің сүйікті ойыншықтарым»** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қырымен жіптің үстінен аттап секіру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.<br>Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру.<br>**Қимылды ойын:** «Тордан допты өткізу»<br>**Мақсаты:** Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Бөрененің үстінде жүріп жаттығу; бөрененің үстінде аяқтың ұшымен жүру<br>**Қимылды ойын:** «Торғайлар мен мысық»<br>**Мақсаты:** Тапсырмаларды орындай отырып, бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Қолдары мен еденге сүйеніп, шығыршыққа еңбектеп кіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Допты жоғары лақтыру, екі қолмен допты қағып алуға жаттықтыру<br>**Қимылды ойын:** «Мен спортсменмін» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Біздің ойыншықтарымыз»**<br>**Мақсаты:**Өз ойыншықтары туралы әңгімелеп айтуға,сұрақ-жауап әдісі бойынша диалог түрінде сөйлеуге үйрету,ұжымшылдыққа тәрбиелеу.Дұрыс сөйлеуге,сөз дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов.**<br>**Мақсаты:**Өлең мәтінін түсініп,жатқа айта білуге үйрету.Ой өрісін дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Математика негіздері.**<br>**Т/бы:«Сан мен заттың арасындағы сәйкестікті табу.Үлкен ,кіші,кішкентай.Шаршы.»**<br>**Мақсаты:**Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу.Заттарды санау қабілетін күшейту,заттарды көлеміне қарай салыстыруды жалғастырамыз,осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз.Геометриялық фигура шаршы туралы өткенді пысықтау.Шаршының көлемі әр түрлі болатынын түсіндіру.<br><br>**Жаратылыстану«Менің ойыншықтарым»**<br>**Т/бы:Мақсаты:**Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізіп әңгімелеп айтып беруге үйрету.Балалардың мінез-құлқында қарапайым әдеп ережелерін бекіту.Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап әрекет ете білуге тәрбиелеу<br><br>**Құрастыру**<br>**Т/бы:«Қайықтар»**<br>**Мақсаты:**Қалдық материалдардан қайықты құрастыра білуге үйрету,саусақ бұлшық еттерін жетілдіру,ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Менің сүйікті ойыншығым қонжық»**<br>**Мақсаты:**Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімділігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектері ғана емес,олардың сипаты мен сапасына сәйкес ерекшеліктерін бере білуге жаттықтыру,өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру.Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Сүйікті ойыншықтар»(түлкі,пирамида,қоян,құс)Ойластырып мүсіндеу.**<br>**Мақсаты:**Балаларға жұмыстарының мазмұнын өздігінен анықтауға үйрету;әр түрлі тәсілдерді қолданып,мүсіндеу дағдысын бекіту.<br>**Музыка**<br>Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру. Әнді тыңдату, қабылдау,есте сақтау. Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету: | **Қоршаған орта мен танысу.**<br>**Т/бы: «Менің сүйікті ойыншығым. Қуыршақ».**<br>**Мақсаты**:<br>Балалардың сүйікті ойыншығы туралы білімдерін тиянақтау. Өлең мәтінін тыңдай алуға, оны сипаттай білуге, жекеше , көпше атауларын айтуға үйрету, сөздік қорларын дамыту.Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, ұқыптылықпен жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ойыншықтарды күтіп ұстауға,әнді көңілді айта білуге дағдыландыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта «Жиһаздар»** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Допты екі қолмен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру ; жүргізушіні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын: «**Бағанаға шығыршықты дәлдеп тигіз»<br>**Мақсаты:** .Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.Жылдамдық жәнеептіліктерін дамыту.Бір бағытты ұстап, бір-біріне допты домалату; доғаның астына еңбектеп өту<br>**Қимылды ойын:** «Арқан тартыс»<br>**Мақсаты:** .Бірнеше қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету. Жоғарыға қарай лақтыруға және оны қағып алуға жаттықтыру; бір бағытта бүкіл топ мүшелерімен бірге жылдам жүгіруге жаттықтыру.Бір орыннан ұзындыққа секіру үйрету. Допты еденге ұру және екі қолды жоғары көтеріп қағып алу.<br>**Қимылды ойын: «**Құстар мен жаңбыр» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Қуыршақтың бөлмесі»**<br>**Мақсаты:**Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс айта білуге жаттықтыру,сөйлеу барысында зат есімдер мен сын есімдердің сандық және септеулік түрлерін қолдана білуге баулу.Баланың ой өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту.Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Үш аю»**<br>**Мақсаты:**Ертегінің мазмұнын сахналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сахналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін – бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>**«Мебель»**<br>**Цел**:Формировать способность понимать простейшую речь учителя. Отвечать на вопросы: «Какой?», «Это что?». Продолжать обогощать словарь детей учить называвать мебель на русском языке .отвечать на вопросы полным предложением. Развивать память, устойчивость внимания,вообразжение, мышление. Воспитывать аккуратность и бережное отношение к предметам быта. | **Математика негіздері.**<br>**Т/бы:«Үлгі бойынша санау,сандарды салыстыру(4-5)Тәулік бөлігі.Сол жағында,ортасында,оң жағында»**<br>**Мақсаты**:заттарды санауды үйретуді жалғастыру,екі топтағы заттарды санау,саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу:әртүрлі бірақ жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету.Заттардың орналасуын сөзбен баяндауға үйрету(сол жақта,ортада,оң жақта)<br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Үй жиһаздары-үстел»**<br>**Мақсаты:** Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі, төрт аяғы бар) үйрету. Үй жиһаздарын күтіп ұстауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Менің ойыншық сөрем»**<br>**Мақсаты:**Сөренің суретін салудың жаңа тәсілімен таныстыру - бейнеленген заттарға ұсақ бөлшектерді толықтырып салу. Негізгі түсті анықтай білуге, қылқаламды тік бағытта ұстау тәсілі арқылысөрені бейнелеу. Қиялдарын дамыту.<br><br>**Жапсыру**<br>**Т/бы:«Әжемнің сандығы»**<br>**Мақсаты:**Балаларға қағаздың бетіне заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруды құрастыру барысында заттардың көлемі бойынша қатынасын, бөліктерінің пішінін, құрылымын көре білу іскерліктерін меңгерту.<br>**Музыка**<br>Ән сөздерін анық таза,әнді көңілді,ынталы жеткізе білуге би қимылдарын жасауға үйрету..<br><br>**Музыка**Музыканы тыңдап әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға<br>Әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. | |

**Қазан айы, 2021-2022 оқу жылы**
**Өтпелі тақырып:«Менің отбасым»**

**Мақсаты:** Инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

**1**. Денаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Денсаулық»<br>Денешынықтыру (3сағат) | «Қатынас»<br>Сөйлеудідамыту (1)<br>Көркемәдебиет (1)<br>Орыстілі(0,5) | «Таным»<br>Математика негіздері (1 с)<br>Жаратылыстану (1с) Құрастыру (0,5) | «Шығармашылық»<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Жапсыру (0,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| «»1-апта «Менің отбасым,ата-аналар еңбегі» | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Балаларға ауа райын бақылату,таза ауамен шынықтыру,әр түрлі жаттығулар орындату.Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету.Көзбен мөлшерлей білуді дамыту. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Мен спортсменмін»<br>**Мақсаты:** Физиологиялық мүмкіншіліктеріне қарай балаларды топтасып ойнауға үйрету.<br>Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету.Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «**Кегельді құлату**»**<br>**Мақсаты:** Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету.Бір орыннан ұзындыққа секіру үйрету. Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру.Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Жалаушаны алу» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы: «Біздің отбасымыз»**<br>**Мақсаты:**Балаларды отбасы және оның мүшелері туралы ұғыммен таныстыру.Олардың ой-өрісін дамыту,сөздік қорын байыту.Инабаттылықпен адамгершілікке дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Отбасындағы сыйластық»**<br>**Мақсаты:**Отбасы мүшелерін дұрыс атауға,сәлемдесіп қоштасуға,үлкенді сыйлап құрметтеуге үйрету.Отбасында үлкенге құрмет,кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері.**<br>**Т/бы:«1 цифры және санымен танысу.Сол жағында ,оң жағында.Шеңбер мен шаршы туралы өткенді пысықтау.»**<br>**Мақсаты**:Математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету:1 цифрын 1 санның таңбасы ретінде таныстыру,Үлгіні пайдалана отырып,1цифрын салуды үйрету,өзге сандар арасынан 1 цифрын табу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Үлкендердің еңбегін бақылау»**<br>**Мақсаты:**бБалаларғакүз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін: аспанның бұлттануы, жаңбыр, жапырақтардың түсуі, күннің суытуын бақылау<br><br>**Құрастыру**<br>**Т/бы:«Біздің үй»**<br>**Мақсаты:** Балаларға пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Біздің үй»**<br>**Мақсаты:**Балаларға үшбұрышты және төртбұрыш пішіндерді біріктіре отырып, үйдің суретін салуды үйрету. түзу сызықтарды қиылыстыра білуге бейімдеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Бақшадағы өнімді жинау»**<br>**Мақсаты**:Домалақтау,сопақшалау,шымшыу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға,үлкендер еңегін құрметтеуге үйрету.<br><br>**Музыка**<br>Музыкаға әсерленуді нығайыту, музыка әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Т/бы: «Өзінің отбасы туралы әңгіме** »<br>**Мақсаты**:<br>Балаларға отбасы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Отбасы мүшелерінің атын, мамандықтарын, заттардың бөліктерін білдіретін зат есім, еңбек әрекетін білдіретін етістік, үстеу, шылауларымен байыту.<br>Өзінің отбасы мен бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беруге, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге, қамқор болуға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2. апта «Менің көшем»** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** .Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап, жүруге және жүгіруге үйрету.Лақтыру күшін және көзбен мөлшерлей білуді дамыту.Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру; заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Шығыршық-тан өту»<br>**Мақсаты:**Бір- біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Шығыршықтан өт те,таяқшаны жоғары көтер!»(эстафеталық ойын)<br>**Мақсаты:** Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Балалардың зейінін дамыту; қимыл- қозғалыс тәжірибесін дамыту<br>**Қимылды ойын: :** **«Қалашықты құлату»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Біздің көше»**<br>**Мақсаты:**Сөйлеуді дамыту балаларға өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, зат есімдерді жекеше, көпше қолдануға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиетТ/бы:«Адасқан құмырсқа» ертегісіМақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Орыс тілі«Моя улица»Цел:**Развивать лексико-грамматический строй речи, связную речь,активизировать словарь. Развивать обьем и устойчивость внимания,долговременную память,логическое мышление,сенсорные эталоны,общую и тонкую моторику,закрепить правильное произношение мягкого согласного звука С. Воспитывать заботливое отношение к членам семьи, уважение, доверие,взаимопонимание. | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«1 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау.Үлкен,кіші,кішкентай.Үшбұрыш»**<br>**Мақсаты**:Балалардың 1цифры туралы білімін нығайту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету.Таныс заттарды көлеміне қарай салыстыруға ,заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету.Үшбұрыш туралы білімін нығайту.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:"Мен көшедемін"**<br>**Мақсаты:**<br>Жолда жүру ережелеріне мағлұматтар беру.Балалардың жолда жүруінің тәртіп ережелерін қалыптастыру. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын тудыру. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Менің көшем»**<br>**Мақсаты:** Балалардың көше туралы түсініктерін кеңейту. қоршаған ортаға, үйіне, туған өлкеге қамқорлықпен қарауға және ұқыпты, әдепті болуға жетелеу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Т/бы:«Қалаған құрылысты қиып,жапсыр»**<br>**Мақсаты:**Балалардың жапсыруда құрылыстың әр түрлі суреттерін құру дағдыларын дамыту,оларды жолақтарды тігінен,ал шаршыларды қиғашынан кесуде жаттықтырып,бөлшектерді пішінімен түсі бойынша іріктеуді ойластыруға үйрету,қиялды дамыту.<br><br>**Музыка**<br>Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету,ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.<br><br>**Музыка**Музыканы тыңдап әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға<br>Әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3 апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Адамгершілік қасиеттерін дамыту.Арқан арқылы секіруге жаттықтыру; өз-өзін уқалауға жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап»<br>**Мақсаты:** Бір- біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Қу түлкі»<br>**Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. жылдамдық және ептіліктерін дамыту. Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту. Еденге қолдарын артқа тіреп, 1-аяқтарын түзеу ұстап, кезек-кезек жоғары көтеру, түсіру.Бір аяқпен тұру, көздерін жұму.<br>**Қимылды ойын: «**Тышқанмен мысық» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»**<br>**Мақсаты:** «Болады – болмайды» балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:**Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету. | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«2 цифры және санымен танысу.Қысқа,ұзын,сопақша»**<br>**Мақсаты:**2 саны және цифрымен таныстыру.2 цифрын жазып үйрену.өзіне таныс заттарды көлеміне,ұзындығына қарай салыстыра алу дағдыларын дамыту.Геометриялық фигура сопақша туралы өткенді пысықтау,оны өзге фигура арасынан табу.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Жол және біз»**<br>**Мақсаты:** балаларға жол жүру ережелерімен таныстыру. Бағдаршам көздерінің жұмыс жасау ретімен таныстыру, түстерін ажырату.<br><br>**Құрастыру**<br>**Т/бы:«Көлік жүретін жол»**<br>**Мақсаты:**Балаларға ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету. әртүрлі пішіндерден бір бағытта орналастыру. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Көліктің дөңгелегі»**<br>**Мақсаты**:балаларға дайын пішіндегі көліктің дөңгелегін өз орнына орналастырып салуға үйрету. қою реңді түсті бояуды ажыратып, атау.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Бағдаршам»**<br>**Мақсаты:**Балаларды жолда жүргенде сақ болуға, бағдаршам көздерінің тәртібін білуге, байқампаздыққа тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**Балаларға көшедегі қауыпсіздік туралы әңгімелеу ,музыкалық шығарманы тыңдау,эмоциямен қабылдау және ажырата білуге Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. | **Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Т/бы: «Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі»**<br>**Мақсаты**:Балалардың үйдегі тұрмыстағы қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Табиғаттағы қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту.Өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.Ересектердің руқсатынсыз өткір заттарды, электр құрылғыларды ұстауға, токпен ойнамауға, бөтен адамдарға есікті ашпауға, қайшымен жұмыс жасағанда техника қауіпсіздігін сақтауға; Серуендеу кезінде мінез-құлық қауіпсіздіктерін сақтау ережелерін (бөтен адамдармен, қаңғыбас иттер мен мысықтармен кездескенде абай болу, серуен кезінде ересектерден алыстаумаға, белгісіз саңырауқұлақтер мен жидектерді термеу) бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4. апта «Алтын күз»** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету; кесек ағаштан аттап жүруге үйрету.<br>**Қимылды ойын: «**Кім жылдам**»**<br>**Мақсаты:** Сабақтан тыс уақытта да ойнауға болатын бірнеше қимыл- қозғалыс ойындарын үйрету.Ойын барысында ынтымақтастыққа баулу; жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ойын ережелерін сақтауға үйрет<br>**Қимылды ойын: «**Нысанға дәл тигізу**»**<br>**Мақсаты:** Бір- біріне допты кеуде тұсынан лақтыруға үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** : **«**Күн мен жаңбыр**»** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Күз»**<br>**Мақсаты:**Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ оқу.<br>Т.Мұратов «Күз»<br>Көк майсалы көрікті,<br>Алқаптағы көп егін,<br>Бұл күндері киіпті<br>Сары жібек көйлегін.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Күзде»І.Байжұманова**(өлең мәнерлеп оқу)<br>**Мақсаты:**Күз мезгілі туралы түсінік беру.Өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйлі айтып беруге баулу.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br><br>**Орыс тілі**<br>**Золотая осень**<br>**Цел**:Познакомит детей о время года осень. Уметь называть названия некоторых природных явлений на русском языке. Учить замечать ход сезонных явлений .Следить за правильным произношением, воспитывать любовь к природе. | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«2 цифры мен саны туралы өткенді Мақсаты:**2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету.Таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру қабілетін қалыптастыру.Сопақша туралы өткенді пысықтау.<br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Күзгі табиғатқа саяхат»**<br>**Мақсаты:**Күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегін бақылау жасау.күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін тиянақтау. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Күзгі жапырақтар»**<br>**Мақсаты:**Ағаштардың дайын суретінің үстіне және жерге саусақпен салу әдісімен күзгі жапырақтарды салу.<br><br>**Жапсыру**<br>**Т/бы:«Жапырақтар түсіп жатыр»**<br>**Мақсаты:**Балаларғабейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, күздегі ағаштың бейнесін жасауды үйрету<br>.<br>**Музыка** Түрлі сипаттағы әндерді тыңдап би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.<br><br>**Музыка**Музыканы есту қабілетін дамыту,әнді орындаушылық қабілетін ояту ,әуенді сезіну, өлең сөздерін анық айтуға үйрету. | |

**Қараша айы, 2021-2022оқу жылы**
**Өтпелі тақырып:«Дені саудың жаны сау »**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.
**Міндеттері:**
1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Денсаулық»<br>Денешынықтыру (3сағат) | «Қатынас»<br>Сөйлеудідамыту (1)<br>Көркемәдебиет (1)<br>Орыстілі(0,5) | «Таным»<br>Математика негіздері (1 с)<br>Жаратылыстану (1с)<br>Құрастыру (0,5) | «Шығармашылық»<br>Сурет салу (1с)<br>Музыка (1,5с)<br>Мүсіндеу (0,5)<br>Жапсыру (0,5) | Қоршаған ортамен танысу (0,5) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. апта «Өзім туралы» | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Таза ауада ойналатын қысқы ойындармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту.Шанамен сырғанауға жаттықтыру; қарды жұмарлап лақтыруға жаттықтыру; жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Мені қуып жет»<br>**Мақсаты:** .Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымдық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту.Ұжым болып әрекет етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Шапшаңдық, ептілік, төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту **.**<br>**Қимылды ойын:** «Қу түлкі»<br><br>**Мақсаты:** .Балаларды шаңғы тебуге үйрету.Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту.Жүгіруді жүрумен алмастыруға үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Мысық пен торғайлар» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Мен және менің дене мүшелерім»**<br>**Мақсаты:**Балаларға өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Қайда екен?»**<br>А.Меңжанова<br>**Мақсаты:**Балаларға өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«3 цифрымен танысу.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру.Жыл мезгілдері(күз).Кеше,бүгін, ертең»**<br>**Мақсаты**:3 цифрын таныстыру.Нүктелерді қосып 3 цифрын салуды үйрету.Өзге цифрлар арасынан 3 санын табу.Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау.<br><br>**Құрастыру**<br>**Т/бы:«Пішіндер»**<br>**Мақсаты:**балаларға әртүрлі пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Мен кіммін?»**<br>**Мақсаты:**Балаларға өздерінің дене мүшелерін, аты – жөнін, жасын, ұлтын ажыратып, дене мүшелерін атау. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Доп»**<br>**Мақсаты:Б**алаларға дөңгелек пішінді заттарды атай отырып, доптың суретін салу. Екі түрлі түсті пайдаланып, эстетикалық талғамға сай ұқыпты бояуға үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Аппақ қоян отыр»**<br>**Мақсаты:**Жануардың мүсінін салуға үйрету,оның тұлғасының,басының,құлағының сопақ пішінін көрсету,мүсіндеудің және бөліктерді қосу тәсілдерін бекіту.<br><br>**Музыка**<br>**им**Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыерді қу. Меңгерген дағдыларын бекіту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т/бы: «Мен кіммін?»**<br>**Мақсаты**: Балаларға өзінің аты-жөні, тегі және жеке тұлға екендігі туралы білімдерін кеңейту. Ұл бала мен қыз баланың ерекшеліктерін айта, өзі туралы білуге сөздік қорын молайту, сөйлеу мәдениетін дамыту. Шағын ертегі мазмұнын тыңдай, берілген сұрақтарға жауап беруге, ынталандыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 апта «Дұрыс тамақтану.Дәрумендер» | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.Тепе- теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту.Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту.<br>**Қимылды ойын:** «Қасқыр мен қоян»<br>**Мақсаты:**Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету.Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту.Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың біріне- бірі көңіл аударына, ынтымақтаста ойнауына көңіл бөлу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім шақырғанын анықта!»<br>**Мақсаты:** Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру. Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру; жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру.Қырымен жіптің үстінен аттап секіру.<br>**Қимылды ойын:** «Ұядағы құстар» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы:«Күзгі өнім»**<br>**Мақсаты:**Балаларға дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық түліктер) сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:"Жеміс бағында"**<br>**М.Төрежанов**<br>**Мақсаты:**Балаларға дұрыс тамақтанудың, дәрумендердің тигізер пайдасын айту. Әңгіме мазмұнын түсіне білуге, үлкендер мен құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға , адамгершілік қасиеттерін бағалауға үйрету. Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, қимыл-қозғалысын, дауыс ырғақтарын келтіре алуға, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бір-біріне деген қамқорлық, мейірімділік қатынастарына тәрбиелеу.<br><br>**Орыс тілі**<br>**«Витамины»**<br>**Цел:**Закрепить лексические единицы по темам «Фрукты овощи»,Разъяснить о необходимости употреблять в пищу овощи фруктыдля поддержки здоровья. Развивать навыки понимать простые вопросы. Воспитывать гигиенические навыки. | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«1.2.3 цифрлары туралы өткенді пысықтау.Биік,аласа»Мақсаты:**3саны мен цифры туралы өткенді пысықтау.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру.1.2.3 цифрларын жазу дағдыларын нығайту.Таныс заттарды биіктігіне қарай салыстырып,оларды сол белгілер бойынша біріктіру.<br><br>**Құрастыру**<br>**Мақсаты:**Балаларға ұсақ құрылыс материалдарынан қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Таны да, ата»**<br>**Мақсаты:**Балаларға көкөніс түрлерімен таныстыру. Оларды жемістерден ажырата білу, күзгі өнім суреттер бойынша ажырату. | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Үлкен -кіші сәбіздер»**<br>**Мақсаты:**Үлкен – кіші сәбіздерді саусақты бояуға батыру арқылы бейнелеу. Түстерді атау, үлкен – кіші ұғымдарын қалыптастыру.<br><br>**Жапсыру**<br>**Т/бы:«Піскен алмалар»**<br>**Мақсаты:**Домалақ пішін туралы білімдерін бекіту. Домалақ пішінді алу үшін балаларға шаршының бұрыштарын кесіп алуды үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау,кесу,қағаз бетінде заттардың суретін құру,оларды мұқият жапсыру дағдыларын бекіту.<br><br>**Музыка**<br>Балалар жуан –жіңішке дыбыстарды ажыратуға тырысады, құстардың сайраған даусын сезінуге тырысады.<br><br>**Музыка**<br>Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 апта«Өзіңе және өзгелерге көмектес» | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Жатып орындайтын жаттығулармен таныстыру.Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту.Үш метрден 10 метрге дейін қайталамалы жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылған допты аттап жүруге жаттықтыру.<br>**Қимылды ойын:** «Кім мықты»<br>**Мақсаты:** . Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулардың жаңа түрлерін меңгерту.Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту. Балаларды еңбектеуге және өрмелеуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Пойыз»<br>**Мақсаты:**Негізгі қасиеттерді- шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың біріне- бірі көңіл аударуына, ынтымақтаста ойнауына көңіл бөлу.Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүруге үйрету.<br>**Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап» | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы: «Өзіңе және өзгелерге көмектес»Мақсаты:**Балаларға өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануға үйрету.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Т/бы:«Шалқан»**<br>**Мақсаты:**Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету. өзіне және өзгелерге көмектесу. | **Математика негіздері**<br>**Т/бы:«Заттың санын цифрмен сәйкестендіру.Кең,тар,тіктөрт бұрыш.»Мақсаты:**Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету.Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету.екі топтағы заттарды салыстыруға жаттықтыру.Таныс заттарды еніне қарай салыстыру қабілетін ұштау.Тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау.<br><br>**Құрастыру**<br>**Т/бы:«Үстел және орындық»**<br>**Мақсаты:**Ірі құрылыс материалдарынан көп түсті құрылыстарды құрастыруға үйрету.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы:«Мен гүлдерді баптаймын»Мақсаты:**Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауда сәбилерді шамасы жетерлік іс-әрекетке қатыстыру (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару). | **Сурет салу**<br>**Т/бы:«Әдемі гүлдер»**<br>**Мақсаты:**Балаларға гүлдер туралы түсінігін кеңейту, олардың құрылысымен таныстыру, түстерді ажырата отырып гүлдерді әртүрлі түске бояу.Қарындашпен дұрыс жұмыс істеу іскерліктерін дамыту.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Т/бы:«Тиін»**<br>**Мақсаты:**Балаларға тиін,тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру,тиіннің мүсінін жасай білуге,дене бөліктерін біріктіріп қосу,шымшып қысу,дөңестеу тәсілдерін үйрету. Саусақ моторикасын жақсарту.<br><br>**Музыка**Балалар күз мезгілі туралы түсінік беру.үлкенді сыйлауға кішіге қамқор болуға үйрету. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Т/бы:«Алғашқы көмек»**<br>**Мақсаты**:<br>Балаларға өзінің бойындағы жақсы қасиеттер туралы түсінік беру.Шағын әңгіме мазмұнын тыңдай алуға, ауыз екі сөйлеу, өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. Үлкендермен құрбыларымен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Өзгелерге қол ұшын беру, көмектесу бойындағы жақсы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
